

**"Қостанай облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер телімдеріне, ғимараттар және имараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу тәртібін жүргізу жөніндегі қағиданы бекіту туралы" әкімдіктің 2007 жылғы 12 шілдедегі № 331 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 26 қыркүйектегі № 458 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 7 қарашада № 3657 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 54 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010.01.30 № 54 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармаққа) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы мен 14-бабының 4) тармақшасына " Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-3-бабының 3) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 21-3), 21-4) тармақшаларына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. "Қостанай облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер телімдеріне, ғимараттар және имараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу тәртібін жүргізу жөніндегі қағиданы бекіту туралы" әкімдіктің 2007 жылғы 12 шілдедегі N 331 қаулысына (мемлекеттік тіркеу нөмірі N 3577, 2007 жылғы 28 тамыздағы N 102 "Қостанай таңы", 2007 жылғы 28 тамыздағы N 119 "Қостанайские новости" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қостанай облысы аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау, жер телімдеріне, ғимараттар және имараттарға реттік нөмірлер беру талаптарын белгілеу тәртібін жүргізу жөніндегі қағиданы бекіту туралы:

1 тараудың 1-тармағының 29) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"29) қала бөлігі (кенттің, басқа елді мекеннің) (құрама бөлігі) – қаладағы аудан, алаң, даңғыл, бульвар, көше, қалтарыс, бақ, саябақ, көпір және қаланың өзге де құрамдас бөліктері (кенттің, өзге елді мекеннің).";

2 тараудың 2-1 тармағымен мынадай редакцияда толықтырылсын:

"2-1. Қала (аудан) әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі атаулары берілмеген немесе оларда орналасқан жылжымайтын мүлік объектілерін бұзуға байланысты қолданыстан шығарылған көшелердің тізбесін жергілікті атқарушы о р г а н ғ а ұ с ы н а д ы . " ;

2 тараудың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қалалардың бөліктеріне атау беру (кенттің, басқа елді мекендердің) мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) азаматтардың, өзге ұйымдардың немесе аудан әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімінің ұсынысы бойынша кент (село) немесе аудандық маңыздылығы бар қала әкімі тиісті аумақтың тұрғындарының пікірін есепке ала отырып атау (қайта атау немесе сәйкес атаулары бар құрамдас бөліктерін қайта атау) туралы шешім шығарады және құрамдас бөліктердің кеңістік орналасуымен және оның шекараларын нақты анықтаумен сызба нұсқаны міндетті түрде қоса отырып мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдарға ж е т к і з е д і ;

2) азаматтар, өзге ұйымдар немесе қала әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі қалалық атқарушы немесе өкілдік органдарына атау (қайта атау немесе сәйкес атаулары бар құрамдас бөліктерін қайта атау) туралы ұсыныс ж о л д а й д ы ;

3) тиісті аумақтың тұрғындарының пікірін есепке ала отырып қалалық ономастикалық комиссия отырысында қалалық өкілдік немесе атқарушы органдарға құрамдас бөліктерге атау (қайта атау) беруді ұсынуға шешімін қ а б ы л д а й д ы ;

4) тиісті аумақ тұрғындарының пікірін есепке ала отырып бірлескен шешіммен қалалық өкілдік және атқарушы органдар атау (қайта атау немесе сәйкес атаулары бар құрамдас бөліктерін қайта атау) туралы мәселелерді шешеді, немесе келіспейді және негізделген бас тарту себебімен ақпаратты мүдделі т ұ л ғ а л а р ғ а б е р е д і ;

5) құрамдас бөліктерге атау (қайта атау) беру туралы қалалық атқарушы және өкілдік органдардың бірлескен шешімдері құрамдас бөліктердің кеңістік орналасуы бар және оның шекараларының нақты белгіленуі бар сызба нұсқаны міндетті түрде қоса отырып мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдарға жеткізіледі. Құрамдас бөліктерге атау (қайта атау) беру туралы қалалық атқарушы және өкілдік органдардың бірлескен шешімдері мүдделі азаматтарға ж е т к і з і л е д і ;

б) қала әкімі құрамдас бөліктерге атау және қайта атау беру, олардың аттарының транскрипциясын өзгерту жөнінде жұмыстарды орындауды уәкілетті о р г а н д а р ғ а т а п с ы р а д ы . " ;

4 тараудың 23 және 24-тармақтары мынадай мазмұнмен толықтырылсын:

"Осы қаулы қолданысқа енгізілгенге дейін ғимараттардың (үйлердің) реттік нөмірлері және нөмірлеуі өзгеріссіз қалдырылсын."

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*әкімі*

*Қ о с т а н а й                      о б л ы с ы н ы ң*  
*С. Кулагин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК